

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ОҚИЛДЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ШАРТ

№ 2

Астана қаласы

«05» 09 2025 ж.

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «мектепке дейінгі ұйым» деп аталатын Астана қаласы әкімдігінің №19 балабақшасы МКҚК атынан меңгеруші Құлдашева Нурлыгул Сагиевна бір жағынан және екінші жағынан

Мейірбек Нұрмұхамед Ермеуланов баланың тегі, аты, әкесінің аты,
(болған жағдайда) бұдан әрі «ата-ана» деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуінің

Жұмароша Назов Нұрмұхамедов
_ (тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда) (бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Балабақша міндеттері

- 1.1. Ата-анасының өтініші бойынша баланы МДҰ-ның консультациялық пунктіне қабылдау.
- 1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оның зияткерлік, физикалық және жеке дамуы; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған жеке көзқарасты жүзеге асыру, баланың эмоционалды әл-ауқатына қамқорлық жасау.
- 1.3. Пәндік-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайды дайындау, жабдықтарды, оқу-көрнекі құралдарды, ойындарға арналған материалдарды таңдау).
- 1.4. Баланың жасын, жеке ерекшеліктерін, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, оның қызметін ұйымдастыру.
- 1.5. Мамандардың қызметтерін ұсыну.
- 1.6. Бала ауырған жағдайда консультациялық пунктіде оның орнын сақтау, сондай-ақ ата-анасының демалысы және дәлелді себеппен уақытша болмауы (наукастануы, іссапар және т.б.).
- 1.7. Баланың консультациялық пунктте болу кезеңінде оның заттарының сақталуын қамтамасыз ету.
- 1.8. Ата-анаға баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде әдістемелік көмек көрсету.
- 1.9. Осы шартты сақтау.

2. Ата-ананың міндеттері

- 2.1. Осы шартты сақтау.
- 2.2. Наукастану немесе демалыс себебінен баланың болмауы мүмкін екендігі туралы консультациялық пункттің қызметкерлерін хабардар ету.
- 2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық мәселелері бойынша консультациялық пунктпен өзара ынтымақтастық, бірлескен іс-шараларға белсенді қатысу.

3. Балабақша құқықтары

- 3.1. Медициналық қорытынды салдарынан баланы консультациялық пункттен шығару.
- 3.2. Егер ата-ана өз міндеттемелерін орындамаса, шартты мерзімінен бұрын бұзу, оны 10 күн бұрын алдын ала хабардар ету.

4. Ата-аналардың құқықтары

